

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 78 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

### Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 38, 421-құжат; 2007 ж., № 11, 119-құжат; № 24, 268-құжат; 2008 ж., № 4, 43-құжат; № 20, 182-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 59, 510-құжат; 2010 ж., № 50, 454-құжат): жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында: мына:

«Саудабаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
Қанат Бекмырзаұлы хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
істер министрі, төраға»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Саудабаев - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
Қанат Бекмырзаұлы хатшысы, төраға»;

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы № 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 6, 44-құжат; № 39, 396-құжат; 2003 ж., № 18, 180-құжат; 2004 ж., № 4, 50-құжат; № 51, 671-құжат; 2005 ж., № 44, 578-құжат; 2006 ж., № 7, 51-құжат; 2007 ж., № 5, 62-құжат; № 26, 299-құжат; № 35, 389-құжат; № 44, 515-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат; № 42, 465-құжат; № 49, 555-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат; № 59, 510-құжат; 2010 ж., № 50, 454-құжат):

аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Бекназаров - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының  
Бектас Әбдіханұлы Төрағасы,  
Қасымов Қалмұханбет - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Нұрмұханбетұлы министрі,

Дауылбаев - Қазақстан Республикасының Бас прокуроры,  
Асхат Қайзоллаұлы Кеңес төрағасының орынбасары;  
көрсетілген Кеңестің құрамынан: М.Т.Әлімбеков; С.Н.Баймағанбетов; Қ.Ә.Мәми;  
Е.І.Қайыржанов шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК